

Келісілді:

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 10 2019ж. 24.04

Бекітілді:

КМҚК «Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» бұйрығымен

№ 10 бұйрық 2019ж. «24»

Басшы: Габидуллин Р.М.



**«ТЕРЕҢКӨЛ АУДАНЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
ШӘКІРТАҚЫЛЫҚ КОМИССИЯ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕСІ**

**ПОЛОЖЕНИЕ О СТИПЕНДИАЛЬНОЙ КОМИССИИ
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО КАЗЕННОГО
ПРЕДПРИЯТИЯ
«АГРАРНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ РАЙОНА ТЕРЕҢКӨЛ»**

Тереңкөл а.
2019 ж.

1. Жалпы ережесі

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы «Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды төлеу ережесін бекіту туралы» № 116 қауысына сәйкес әзірленген және колледжде білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібін белгілейді.

1.2. Шәкіртақы комиссия алкалы, стипендия тағайындауға байланысты мәселелерді қарау мақсатында құрылған колледждің тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады.

2. Шәкіртақы комиссия міндеттері мақсаттары

2.1. Стипендиялық комиссияның негізгі мақсаты күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқитын студенттерге мемлекеттік шәкіртақы тағайындау болып табылады.

2.2. Қызметінің негізгі мақсатына сәйкес комиссия қолданыстағы заңнаманың өзгеруін талдайды және бақылайды.

3. Мемлекеттік шәкіртақыларды тағайындау және төлем тәртібі

3.1. Мемлекеттік шәкіртақы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған білім алушы студенттерге, емтихан сессиясы немесе аралық аттестациялау нәтижелері бойынша «жақсы» және «өте жақсы» бағаларын алған оқушыларға беріледі және ай сайын айдың бірінші күнінен бастап, семестр аяқталатын осы айдың соңына дейін қоса алғанда төленеді.

3.2. Бірінші курсқа оқуға қабылданған студенттерге (оқудың бірінші жылында) мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші семестрде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және бірінші семестр бойы ай сайын төленеді.

3.4. Көзі нашар көретін және есту бойынша мүгедектерге және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы студенттерге, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитындарға мемлекеттік әлеуметтік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешектері немесе білім алушалардың аралық аттестаттау нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалар болмаған жағдайда төленеді.

3.5. Колледж белгілеген мерзімде сынақ пен емтихандарын дәлелді себептер (сырқаттану, отбасы жағдайы, табиғи зілзала) бойынша тапсырмаған студенттерге колледж басшысына білім алушылар растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін емтихандар мен сынақтарды тапсыру жеке мерзімін белгілейді, содан кейін осы ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен оларға мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

3.6. Кәсіптік тәжірибе, жазғы демалыс кезінде мемлекеттік шәкіртақы тәртіппен белгіленген осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3.7. Студенттер академиялық демалыста болған кезеңінде мемлекеттік шәкіртақы төленбейді, тек медициналық қорытындының негізінде (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) берілген академиялық демалыстарды қоспағанда.

3.8. Академиялық демалыстан келген студенттерге мемлекеттік шәкіртақы тағайындау және төлеу тәртіппен белгіленген осы ережеде алдағы (кезекті) емтихан сессиясы немесе білім алушыларды аралық аттестаттау қорытындысы бойынша және оқу жоспарындағы айырмашылығы болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

3.9. Ауруы бойынша қайта оқыту жылына қалдырылған студенттерге мемлекеттік шәкіртақы тәртіппен белгіленген осы ережеге сәйкес білім алушалардың кезекті емтихандық сессия немесе аралық аттестаттау нәтижелеріне дейін, оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді.

3.10. Мемлекеттік шәкіртақы туберкулез наукастарына еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, бірақ еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспаған тиісті медициналық қорытындысы болған кезде белгіленеді және төленеді.

3.11. Жүктілік және босану жөніндегі демалыс кезеңінде студенттерге мемлекеттік шәкіртақы жүктілік және босану жөніндегі демалысқа шыққанға дейін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген барлық мерзімі ішінде мөлшерлерде төленеді.

3.12. Академиялық демалыс кезеңінде жүктілік пен босануға байланысты еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама ұсынған кезде академиялық демалыс үзіліп, жүктілік және босану жөніндегі демалыс ресімделеді.

3.13. Студенттер бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңінде бала үш жасқа толғанға дейін мемлекеттік шәкіртақы тағайындалмайды.

4. Мемлекеттік шәкіртақы мөлшері

4.1. Шәкіртақы колледж басшысының бұйрығымен немесе оның орнындағы адам, шәкіртақы комиссиясы хаттаманың негізінде тағайындалады.

4.2. Колледж студенттеріне шәкіртақы – 16759 (он алты мың жеті жүз елу тоғыз) теңге сомасында тағайындалады.

4.3. Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы» бағасын алған студенттер (мемлекеттік атаулы шәкіртақы мен Қазақстан Республикасы Президенті шәкіртақысын алатын студенттерден басқа) жоғары мемлекеттік шәкіртақысын алады - 15%. Жеке тұлғаларға шәкіртақы төлеу олардың сомаларын ақша алушының таңдауы бойынша банкте ашылған ағымдағы шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

4.4. Мемлекеттік шәкіртақы төлеу: оқушы білім беру ұйымынан шығарылған жағдайда (алып тастау) оқудан шығару (алып тастау) себептеріне қарамай және де білім алушы қайтыс болған жағдайда, оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап тоқтатылады.

5. Шәкіртақы комиссияның құрамы және құрылымы

5.1. Шәкіртақы комиссия құрамын колледж басшысы бір оқу жылына оқу жылының басында бекітеді.

5.2. Жалпы басшылық, жоспарлау, жұмысын ұйымдастыруды және шәкіртақы комиссияның қызметін үйлестіруді шәкіртақы комиссияның төрағасы жүзеге асырады.

5.3. Колледждің шәкіртақы комиссияның құрамына кіреді:

- комиссия төрайымы, колледж басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- комиссия мүшесі:
- бухгалтер;
- аға шебері;
- студенттік кеңес төрағасы;
- топтардың жетекшілері;
- ө/о шеберлері;
- ата-аналар қауымдастығының өкілі;
- комиссия хатшысы.

6. Шәкіртақы комиссия жұмысын ұйымдастыру

6.1. Шәкіртақы комиссияның отырысы оқу-тәрбие үдерісінің кестесі бойынша оқу топтарында сессия аяқталған соң жүргізіледі.

6.2. Шәкіртақы тағайындау үшін топтарының тәлімгерлері және өндірістік оқыту шеберлері шәкіртақылық комиссияға мәліметтер (студенттердің үлгерімі туралы мәліметтерді) ұсынады.

6.3. Шәкіртақылық комиссияның отырысы хаттамасымен ресімделеді, оның негізінде шәкіртақы тағайындау туралы бұйрық шығарылады.

6.4. Шәкіртақылық комиссияның отырысы егер оған комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысса заңды болып табылады.